

## Дарынды жастарға мемлекеттік қолдау көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 52 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 27 ақпанда № 3672 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 85 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.03.09 № 85 қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4, 11-баптарына сәйкес, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысының дарынды жастарына мемлекеттік қолдау көрсетілсін: кандидаттық диссертациясын қорғау үшін 5 жас ғалымға 2009 жылы әрбір үміткерге 300 000,0 теңге мөлшерінде; магистратурада оқу үшін 4 жас ғалымға 2009 жылы әрбір үміткерге 400 000,0 теңге мөлшерінде;

жоғары оқу орындарының 20 студентіне әрбір үміткерге 2009 жылдың қаңтарына наурыз айында 10 000,0 теңге мөлшерінде;

орта кәсіптік оқу орындарының 18 студентіне әрбір үміткерге 2009 жылдың қаңтарына наурыз айында 5 800,0 теңге мөлшерінде;

жоғары оқу орындарының 20 студентіне әрбір үміткерге 2009 жылдың ақпанынан бастап 2009 жылдың желтоқсанына ай сайын 10 000,0 теңге мөлшерінде;

орта кәсіптік оқу орындарының 18 студентіне әрбір үміткерге 2009 жылдың ақпанынан бастап 2009 жылдың желтоқсанына ай сайын 5 800,0 теңге мөлшерінде.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде дарынды жастарға мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қостанай облысы әкімдігінің жанындағы жастар істері жөніндегі кеңес үміткерлердің тізімін бекітсін және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - "Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

дарынды жастар қатарынан үміткерлерге мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар енгізсін.

#### 4. Қостанай облысы әкімдігінің

2008 жылғы 28 қаңтардағы № 51 "Білім алуына байланысты шығыстарын ішінара өтеу үшін студенттер қатарындағы жастарға әлеуметтік көмекті көрсету туралы" (2008 жылғы 26 ақпандағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3596 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 7 наурыздағы № 29-30 "Қостанай таңы", 2008 жылғы 13 наурыздағы № 38 "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған);

2008 жылғы 15 қыркүйектегі № 438 "Дарынды жастарға мемлекеттік қолдау көрсету туралы" (2008 жылғы 14 қазандағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3656 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 17 қазандағы № 128-129 "Қостанай таңы", 2008 жылғы 18 қазандағы № 145 "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) қаулыларының күштері жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облысының әкімі*

*С. Кулагин*